

«Бекітемін»

Атырау аймақтық дене тәрбиесі
және спортты дамыту орталығының

директоры _____ С. Жекенов

« ____ » _____ 2019 жыл

Әскери-патриоттық клубтар шатырлық лагерін өткізудің

ЕРЕЖЕСІ

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже әскери-патриоттық клубтардың облыстық шатырлық лагерін (бұдан әрі – облыстық шатырлық лагерь) өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2. Облыстық шатырлық лагерді ұйымдастыруды Атырау облысы Қорғаныс істері жөніндегі Департаменті, «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Республикалық қоғамдық бірлестігі филиалының қолдауымен жүзеге асырылады.

2-тарау. Мақсаттары мен міндеттері:

- қосымша білім беру ұйымдары мен мектеп жанындағы әскери-патриоттық клубтарының жұмыстарын жандандыру;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру және әскери қолданбалы спорт түрлерін насихаттау;
- оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту;
- өңірлерде өскелең ұрпақты патриоттылыққа тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жетілдіру және белсендіру;
- оқушылардың техникалық, тактикалық, әскери топографиялық, медициналық бағыттағы негізгі білім базасын қалыптастыру және оны практикамен ұшастыру;
- туған жерге сүйіспеншілік пен табиғатқа деген қамқоршылық сезімдерге тәрбиелеу.

3-тарау. Өткізу орны және уақыты

Әскери-патриоттық клубтарының облыстық шатырлық лагері ____ жылы
_____ күндері _____ өткізіледі.

4-тарау. Қатысушыларға қойылатын талаптар

Облыстық шатырлық лагеріне қала, аудандардың мектеп оқушыларының құрама командалары қатысады. Команда құрамында 10 бала (6 ұл, 4 қыз), жетекші ретінде бір АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы болуы керек.

Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс:

- 1) білім алушылардың және топ жетекшілерінің Облыстық шатырлық лагерге аудандық, қалалық кезеңдерінің өткізу қорытындысы бойынша облыстық шатырлық лагерге қатысу үшін жолданғаны туралы білім бөлімінің басшысының бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ә., туған күні, айы, жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру мекемесінің мекен-жайы, тұрғылықты мекен-жайы, телефоны, номинациясы, жұмыстың атауы, топ жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны);

3) барлық қатысушылар мен топ жетекшілерінің жеке басын куәландіретін құжаттарының көшірмесі;

4) дәрігердің қолы және мөрімен расталған, дене жүктемелеріне рұқсаты бар денсаулығының жағдайы туралы анықтамасы;

5) фотосуреті бар және білім беру ұйымының мөрімен және қолымен расталған оқу орнынан анықтама;

6) топтың сақтандыру полисі;

7) топ жетекшілерінің іссапар куәліктері;

8) қатысушылардың ата-аналарының сенімхаттары;

9) Жарысқа қатысатын командалар және жетекшілері спорттық, далалық әскери киімдермен (камуфляж), ЖӘҚТ (ОЗК), газтұмылдырығымен 10 дана, дәрігерлік көмек көрсету сөмкесі -1 дана, түсбағдар (компас)- 1 дана, қалам – 1 дана, ватман қағазы – 1 дана, фломастер немесе түрлі-түсті қарындаштар, шатыр 11 адамдық (палатка), ұйықтайтын төсек жабдығы (спальный мешок), тамақ ішетін ыдыстары, 1 дана плащ-жамылғы, қол шамы (фонарик) құралдарымен келуі қажет.

5-тарау. Жарысты өткізуге басшылық және ұйымдастыру

Облыстық шатырлық лагерінің өтуіне жалпы басқаруды Облыстық білім беру басқармасының Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы жүзеге асырады.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының іссапар шығындары (жолы, тамағы) жіберуші мекеме тарапынан төленетіндігін ескерсін.

6-тарау. Шатырлық лагердің бағдарламасы.

Жарыс екі кезеңнен тұрады:

1. Туристік техника бағдарламасы;

2. Түсбағдардың (компас) көмегімен әскери-спорттық бағдарлау.

Шатырлық лагерь екі кезеңнің нәтижесін қосып, қорытындыланады.

6.1 Жарыстың туристік техникасының бағдарламасы


Қатысушы 10 оқушы (6 ұл, 4 қыз) алаңға сапқа тұрып, командирлері жеребе суырып, реттілігін анықтайды.

Анықталған реттілік бойынша «әскери объектілердің» орналасқан жері мен кедергілері, сондай-ақ олардың өту тәртібі көрсетілген бақылау пункттерінің маршруттық парақтары табыс етіледі. Команда маршруттық парақтағы реттілік бойынша кедергілерден өтіп, мәреге жету керек.


Алдымен жеребе бойынша қатысушы команданың командирі «теңіз байламының» («морской узел») бірнеше түрлері жазылған қағазды суырып,

берілген жіпті пайдалана отырып, аталған теңіз байламын 2 минут ішінде байлау керек, дұрыс байлаған командаға «Сөре!» («Старт!») пәрмені беріледі де, команда жүгіреді. Дұрыс байлай алмаса немесе берілген уақыттан асып кетсе, айыппұлға 2 минут қосылады.


Теңіз байламы (морской узел) үлгілері




Восьмерка



Схватывающий прусик



Булинь



Встречный

1. «Миналанған көпір» (бөрене үстімен жүру);
2. «Ауа дабылы» кеудемен жорғалау;
3. «Гранатаны лақтыру» құтқару дөңгелегінің (спасательный круг) ортасына түсіру;
4. «Миналанған алаң»;
5. «Жіп көпірі» (керілген екі ағаш);
6. Тұсбағдардың (компас) көмегімен жергілікті жерде бағдарлану.
7. Арқанмен секіру;
8. Алғашқы медициналық көмек;
9. «Зақымдалған аймақ» ЖӘҚТ (ОЗК) кию;

10. «Құпия сөзді» табу.

1. «Миналанған көпір» (бөрене үстімен жүру);

Команда жүгірген қалпымен бірінші «миналанған көпір» (бөрене немесе гимнастикалық орындықтың үсті) кедергісін тауып, құламай өту керек, егер команда мүшесі құлап қалса, қайтадан кедергіден өтуге 3 рет мүмкіндік беріледі, берілген мүмкіндік ішінде кедергіден өте алмаса әр құлаған команда мүшесіне айыппұл ретінде 2 минуттан қосылады, яғни команда мүшесінің біреуі кедергіден өте алмаса, 2 минут, екі мүшесі өте алмаса 4 минут және сол сияқты айыппұл уақыт саны көбейе береді.




2. «Ауа дабылы» кеудемен жорғалау:

Ағаштан жасалған кедергі астынан кеудесімен жорғалап, құлатпай өту керек, егер кедергі құлаған жағдайда қайтадан кедергіден өтуге 3 рет мүмкіндік беріледі, берілген мүмкіндік ішінде кедергіден өте алмаса әр құлаған команда мүшесіне айыппұл ретінде 1 минуттан қосылады, яғни команда мүшесінің біреуі кедергіден өте алмаса, 1 минут, екі мүшесі өте алмаса 2 минут және сол сияқты айыппұл уақыт саны көбейе береді.



3. «Гранатаны лақтыру»


Команда жүгіре отырып, келесі үшінші кедергіге жетіп, 3 метр қашықтықтағы құтқару дөңгелегінің (спасательный круг) ортасына гранатаны дәлме-дәл түсіру керек, егер команда мүшесі нысанаға түсіре алмаса, әр дәл түспеген граната үшін 30 секунд айыппұл уақыты қосылады.



4. «Миналанған алаң»

Команда жүгіре отырып, келесі төртінші «миналанған алаң» кедергісін тауып, секіріп, өтулері тиіс, егер кедергіден өте алмаса қайтадан кедергіден өтуге 3 рет мүмкіндік беріледі, берілген мүмкіндік ішінде кедергіден өте алмаса әр құлаған команда мүшесіне айыппұл ретінде 1 минуттан қосылады, яғни

команда мүшесінің біреуі кедергіден өте алмаса, 1 минут, екі мүшесі өте алмаса 2 минут және сол сияқты айыппұл уақыт саны көбейе береді.




5. «Жіп көпірі» (керілген екі ағаш);

Команда жүгіре отырып, бесінші бақылау пунктіне «жіп көпірі» екі ағаштың ортасына керілген арқанға альпинистік құрал-жабдықтың көмегі арқылы екі аяқты жерге түсірмей, қолды арқаннан мықтап ұстап, жылжиды. егер кедергіден өте алмаса қайтадан кедергіден өтуге 3 рет мүмкіндік беріледі, берілген мүмкіндік ішінде кедергіден өте алмаса әр құлаған команда мүшесіне айыппұл ретінде 1 минуттан қосылады, яғни команда мүшесінің біреуі кедергіден өте алмаса, 1 минут, екі мүшесі өте алмаса 2 минут және сол сияқты айыппұл уақыт саны көбейе береді.



6. Команда жүгіре отырып, алтыншы бақылау пункті Тұсбағдардың (компас) көмегімен жергілікті жерде бағдарлану. Командаға үш нүкте (объект) беріледі. Сол нүктелерді (объектілерді) бір орында тұрып анықтау керек. Мысалы: Заводтың құбыры неше градуста орналасқан, т.б



Ескерту: Егерде берсе айыппұл уақыт қосылады. қосылады, ал 10 градусқа 2 минут, айыппұл уақыт саны көбейе береді

команда қате жауап 5 градусқа қателесе 1 минут 15 градусқа 3 минут сол сияқты

7. Арқанмен секіру;

Команда жүгіре отырып, келесі алтыншы бақылау пунктіне, яғни арқанмен секіруді табады және биіктіктегі арқанмен тербетіле, белгіленген қашықтыққа секіреді, егер секіре алмаса қайтадан секіруге 3 рет мүмкіндік беріледі, берілген мүмкіндік ішінде секіре алмаған әр команда мүшесіне айыппұл ретінде 1 минуттан қосылады, яғни команда мүшесінің біреуі секіре алмаса 1 минут, екі мүшесі секіре алмаса 2 минут және сол сияқты айыппұл уақыт саны көбейе береді.




8. Алғашқы медициналық көмек;

Команда жүгіре отырып, жетінші бақылау пункті «алғашқы медициналық көмекті» іздеп табады, сол жерден тапсырмалар қағазын алып, бір қыз бала жаралы, ал қалған 3 қыз бала алғашқы медициналық көмек көрсетіп, 6 ұл бала жаралыны плащ-жамылғыға жатқызып, келесі бақылау пунктіне дейін тасымалдайды. Егер ережеге сәйкес тасымал, көмек беру тәртібі бұзылса, әр қайсысына 30 секундтан айыппұл салынады.

1. Аяқ сынғандағы көрсетілетін көмек;
2. Қол сынғанда көрсетілетін көмек;
3. Қан кеткенде көрсетілетін көмек;
4. Күйгенде көрсетілетін көмек;
5. Электр тогымен зақымданған кездегі алғашқы көмек





9. «Зақымдалған аймақ» ЖӘҚТ (ОЗК) және газқағар кию

Команда жүгіре отырып, сегізінші бақылау пунктi «зақымдалған аймақты» тауып, жалпыәскери қорғаныш толығын реттілігімен плащ түрінде киіп (әр қатысушының жіберген әрбір қателігіне 30 секундтан айыппұл уақыты қосылып отырады), 10 метрдей жүгіре отырып, «зақымдалған аймақ» шекарасын тауып (жалауша қадалып тұрады-шекараның белгісі), сол жерге ЖӘҚТ шешіп, оны мұқият жинап, сол жерге қалдырып, келесі тоғызыншы бақылау пунктін іздеп, жүгіреді.

Ескертпе: Плащ түрінде ЖӘҚТ кию тәртібі:

1. Қорғаныш шұлығы;
2. Жеңдегі қорғаныш плащы;
3. Газқағар;
4. Қорғаныш қолғабы.

10. «Күпия сөзді» табу.

Команда тездетіп жинақталып, төреші командаға шифрланған күпия сөзі (пароль) бар пакет береді. Шифр сандар жиынтығынан тұрады, мысалы 14.1.5.1.4.1.19.12.1.18. Шифр-латын алфавитінің кілті. Әрбір сан — А — 1, В — 3 және т. б. латын алфавитіндегі әріптердің реттік саны, ойланатын уақыт 2 минут. Жарыс барысында алфавитті пайдалануға тыйым салынады, егер алфавит пайдаланған жағдай анықталғанда айыппұл 4 минут уақыт қосылады. «Күпия сөз» табылғанда уақыт тоқтатылып, жарыс аяқталады.


Мысалы қазақша сарбаз сөзі латынша sarbaz - 23, 1, 22, 3, 1, 30

№	Написание	Звук	№	Написание	Звук
1	A a	[a]	17	Ñ ñ	[ɲ]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[e]
4	D d	[d]	20	P p	[ɪ]
5	E e	[e]	21	Q q	[κ]
6	F f	[ɸ]	22	R r	[p]
7	G g	[ɣ]	23	S s	[c]
8	Ĝ ĝ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[y]
10	I i	[i]	26	Ú ú	[y]
11	Iı	[ɪ], [й]	27	V v	[b]
12	J j	[ж]	28	Y y	[ы]
13	K k	[κ]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[л]	30	Z z	[з]
15	M m	[м]	31	Sh sh	[ш]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[ч]

Ойын аяқталғаннан кейін төрешілер әр команданың уақытын санап, айыппұл балын қосып, есептеп, жарыстың 1-ші кезеңін қорытындылайды.

6.2 . Тұсбағдардың (компас) көмегімен әскери-спорттық бағдарлау.

Қатысушы команда тұсбағдар (компас) мен картаның көмегімен ретгілік тәртібі бойынша бақылау пункттерін іздеп, тауып, өздерінің аталған пунктте болған уақытын жазып, қол қоюмен белгілейді. Соңғы команда мүшесінің мәреге жетуімен уақыт тоқтатылып, ең аз уақытта келген команда жеңіске жетеді.



Жарыстан тыс келесі сайыстар болады:

- 1) Әр аудан өз туған жерінің тарихы, табиғаты, ерекшелігі туралы зерттеу жұмысын қорғайды. Презентация слайд, бейнежазба, фотоальбом түрінде қорғалады;
- 2) «Үздік шатырлық лагерь» шатырлық лагердің талапқа сай жабдықталуы;
- 3) «Үздік қабырға газеті» ерекше мағыналы қияли суреті үшін;
- 4) «Үздік аспазшы» ерекше дәмді тағам дайындағаны үшін;
- 5) «Үздік әнші» әскери-патриоттық тақырыптағы әні үшін;
- 6) «Үздік бағдарлаушы» табиғи құбылыстарға қарап, бағдарлағаны үшін. Аталған номинациялар бойынша дипломдармен марапатталады.

7-тарау. Қаржы шығындары

Облыстық шатырлық лагеріне қатысушы командалардың іссапарына қажетті шығындары (жол шығыны, тамақ т.б.) жіберуші мекеме есебінен төленетіндігі ескерілсін. Жеңімпаздар мен жүлдегелер сәйкесті дәрежедегі диплом, медальдармен марапаттау Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы есебінен.

Ұйымдастырушы: Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының алғашқы әскери дайындық кабинеті

Тел: 27-24-09


Маршруттық парак

1. «Миналанған көпір» (бөрене үстімен жүру) → 2. «Ауа дабылы» кеудемен




жорғалау → 3. «Гранатаны лақтыру» сызбаның ортасына түсіру

→ 4. «Миналанған алаң» → 5. «Жіп көпірі» (керілген екі ағаш)



6.



7. Арқанмен секіру

8. Алғашқы медициналық көмек → 9. «Зақымдалған аймақ» ЖӘКТ (ОЗК) кию



→ 10. «Күпия сөз» табу

Өтініш

Білім беру ұйымы _____

(толық аталуы, мекен-жайы, телефон, факс, e-mail)

Команданың аталуы _____

Команда жетекшісі _____

(аты-жөні, байланыс телефоны, e-mail)


Қатысушылар тізімі

№ р/ с	Аты-жөні, тегі (толығы мен)	Туған жылы, күні	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмері, кім, қашан берді	Оқу орны, сыныбы Байланыс телефоны	Дәрігердің қолы, мөрі	Қауіпсіздік ережесімен танысқан- дағы қолы
1						

Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі

Ескерту: команда жетекшілері жоғарыда аталған телефон нөмері мен электрондық пошта мекен-жайына шатырлық лагерге (поезд, автокөлік) келетін күні мен уақыты туралы бір апта бұрын Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығына хабарлауы қажет.

**Мектеп оқушыларының
әскери-патриоттық клубтар шатырлық лагерінің әскери-спорттық
бағдарлауына қатысушының
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**



Спорт түрі _____

М.О.

(бұрышына мектептің мөрі басылады)

Т.А.Ә. _____

Туған жылы _____

Спорт разряды _____

Оқу орны _____

Мектеп директоры _____

(Т.А.Ә. қолы)

